

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 210 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 желтоқсанда № 3713 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 28.01.2014 № 10 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18 бабының 22) тармақшасына және 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Құловқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндетін атқарушы Б. Құлов

Аудан әкімдігінің

2013 жылғы 25 қарашадағы

№ 210 қаулысына қосымша

Коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қараусыз қалған жануарлар аудандық коммуналдық меншікке Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес оларды ұстап алған адамдардың өз меншігіне алудан бас тартқан жағдайда қабылданады.

2. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану

3. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды аудандық коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізіп, есепке алу және бағалау жүргізіледі. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарлар аудандық әкімдіктің қаулысымен тиісті әкім қабылдау-беру актісі негізінде аппаратының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Есепке алу және бағалау, сонымен қатар теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

4. Жануарларды есепке алу, бағалау, сату шығындары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарлар оларды уақытша күтімге алу үшін жергілікті атқарушы орган анықтаған жеке немесе заңды тұлғаларға «Қобда аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – қаржы бөлімі) келісім шарт негізінде бекітіліп беріледі.

6. Жануарларды уақытша күтімге алатын тұлғаларды анықтау кезінде міндетті түрде жануарларды күтімге алу үшін қажетті жағдайы (жануарлар үшін арнайы орын-жайы, табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жабдықтары, оларға күтім жасау тәжірибесі) болуы ескерілуі қажет.

7. Жануарларды бағу мен пайдалануға берілген жеке немесе заңды тұлғалар, жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

8. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс-шаралары «Қобда аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

9. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

- 1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне ө т е у с і з б е р у ;
- 2) а у к ц и о н а р қ ы л ы с а т у ;
- 3) с а у д а ұ й ы м д а р ы а р қ ы л ы с а т у .

10. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі

пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі - комиссия) жануарлар уақытша күтімге берілген мерзім ішінде шешеді. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

3. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

11. Жануарлар аудандық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесі жануарларға құқық белгілейтін құжаттары және осы жануарлардың оған тиесілілігі туралы, немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде - тиісті жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша айқындалатын шарттары бойынша, сонымен қатар сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

12. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

13. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда жануарларды бағуға және пайдалануына байланысты жұмсалған қаржының м ө л ш е р і ш е г е р і л е д і .

14. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын келісім – шартпен рәсімделеді.

4. Қорытынды ережелер

15. Жануарларды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне толық есептеледі.